

1 2007  
31к



Жыр  
жаулары

Есенғали  
РАУШАНОВ

*Бозаңға біткен  
боз жусан*



RARITY




PUBLISHING  
COMPANY LTD

Есенғали Раушанов

*Бозаңға біткен  
Боз жусан*

Өлеңдер мен поэмалар


Алматы  
«Раритет»  
2006



Жыр  
жаулары

Есенғали  
РАУШАНОВ

*Бозаңға біткен  
боз жусан*



Өлеңдер мен поэмалар

RARITY

R

PUBLISHING  
COMPANY Ltd



ББК 84Қаз7-5

P23

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

**Раушанов Е.**

**P23** **Бозаңға біткен боз жусан:** Өлеңдер мен поэмалар. —  
Алматы: Раритет, 2006. — 384 бет. — «Алтын қор»  
кітапханасы.

ISBN 9965-770-17-4

Ақынның бұл кітабына кең танымал кемел туындылары топтастырылды. Сексенінші жылдары өкіметтік өктемдікке деген ішкі имани қарсылық үніндей қанат қаққан «Қара бауыр қасқалдағы» қазір де қазақ даласының Әнұраны іспетті десек, «Ғайша бибі» драмалық дастаны тарихи-философиялық тұрғыдан да, көркемдік құбылнамасы тұрғысынан да жаңа сөз екені күмәнсіз.

ББК 84Қаз7-5

P 4702250202—15  
413(05)—06

ISBN 9965-770-17-4

© Раушанов Е., 2006  
© «Раритет» БК, 2006  
© Безендірген Б. Серікбай, 2006

## ДЕГДАР ДАРЫН

\* \* \*

*XX ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін қазақ өлеңіне толқын-толқын боп жамырмай келіп жатқан жас лириктерге толайым қозғау салып, соңынан шәкірт ерткен, өз мектебін ашқан шайырлар бізде көп емес. Қазақ поэзиясының классигі Есенғали Раушанов сол аз шоғырдан — санаулылар санатынан.*

*Бұл орайда оны мәдениеті зор ұлттық ақын деуге болады. Мәселе қара өлеңге «шекпен жабуда» емес. Алдымен, ұлттық бояуы, нәр-нақышы, суреткерлік сыр-сипаты дәстүрлі фольклорлық, жыраулық қайнарлардан қайнап шығып, өлем әдебиеті үрдістерімен әдемі қойындаса келіп, әрі қазақ-тық, әрі адамзаттық асыл сөз сомдау даралығында.*

*«Ұлттық бояуы» дегенде, әрине, мен тек көзді де, көңілді де қандырап сыртқы сымбаты мінсіздігін ғана емес, ішкі шірімдерінің соншама көркемдігін, мазмұн байлығын, ой тереңдігін, теңіз түбінен інжу-маржан суырағандай теңдессіз тапқырлығы мен шеберлігін айтсам керек. Бұлар тіпті мен ашқан жаңалық емес, әлдеқашан әдеби қауым мойындаған ақиқат. Ал лирикасы солай болғанда, Есенғалидың қамшы салдырмас хас жүйріктей есіп отыратын дарқан да парасатты тамаша дастандарындағы эпикалық қарымдылығына қайран қаламын.*

*Бір ғажабы, кішкентай ғана Келінтөбесінің тағдыр-талайын жеріне жеткізе кескіндей отырып, алғашқы туындыларында-ақ адамзат қауымдастығын құшағына сыйғыза білген Е.Раушанов өлеңде өзімен бірге өзіне еліктейтіндерді де ала келген сыңайлы. Кеше де, қазір де осы ірі таланттан үлгі алатындар, оған жүгінетіндер қатары мол.*

*Бір сөзбен түйіндесек, ақын Е.Раушанов шығармаларының қай-қайсысы да қазақ поэзиясының шын мәніндегі алтын қазынасы деуге аузым барады.*

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ

\* \* \*

*«Уа, жалт екен, жалт екен!»*

*Есенғали Раушановтың жсиырма шақты жыл бұрын жасар газетінде жарық көрген топтамасында осылай басталатын бір өлеңі бар-ды. Бұрын да бірер жинақ шығарып үлгерген жас ақын ерекше сәтті іріктелген сол топтамасымен жырсыүйер қауымды өзіне жалт еткізген еді. Есенғалидың*



жыр жұлдызын әдебиет аспанында жарқ еткізген ол өлеңдердің арасынан, әсіресе, таңғы шықтың тамын түскеніндей ғана шып-шымыр, жұп-жұмыр құйыла қалған «Шықтың олуі» соншалықты мөлдірлігімен көңілге тұнғаны әлі күнге есімізде. Әр нәрсені өзінің атымен атаған жән десек, табиғатпен туыстықтықтың адам жанын тазартар құдірет-қуатын келісті көрсетіп, Ғаламның шетсіз-шексіз кеңістігіндегі кез келген нәрсенің өзіне тән қасиеті, өзіне тән қасіреті боларын тамылжытып тұрып танытатын мұндай жырлар Уитменнің «Шөп жапырақтарындағы» ғажайып суреттерден бір де кем түспейтініне дес берер едік.

Сонан бері ақынның әр қадамы оқырман назарында. Әдеби басылымдар бетінен Есенғали жырларындағы көркемдік ізденістердің сыр-сипаты жөнінде жазылған эссе, зерттеулерді жиі жолықтырасыз. Біз өз тарапымыздан ақын өлеңдеріндегі сөз саздылығы (звукозапись) арнайы еңбектің арқауы ететіндей ерекше екендігін қоса айта кеткіміз келеді.

Есенғали Раушанов шығармашылығы — ғасырлар тоғысындағы қазақ әдебиетінің аса қызғылықты құбылысы. Шығыстың классик шайырларындай әр шумақтың сазды сурет құруын, әр өлеңнің өзінен өзі жырлап тұруын қамдайтын, әр теңеудің, әр бейнелеудің дәл, орынды шығуын, өлеңнің тілі де, пішіні де, уәзіні де сондағы ойға, сезімге сай келуін қатты құнттайтын бұл қаламгердің өлең алдындағы жауапкершілігі жанкештілікпен барабар.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

\* \* \*

Есенғали өлеңдерін қарапайым деп те, күрделі деп те қарастыруға болады. Оның бояуы қанық «қарапайым» бір өлеңінде бізге таныс-бейтаныс бәз біреудің бет-бейнесі айқын бедерленіп, адамның айшықты образы ажарланып жатса, тағы бір «қарапайым» өлеңінде шарпысқан психологиялық көңіл-күй көрінеді.

Енді бір «қарапайым» өлеңінде терең философиялық астар бар. Яғни оның «қарапайым» өлеңдерінің бәрі де жай ғана қарапайым емес.

Ақын өлеңдерінің шынайылығын өмірдің өз суретін бейнелейтін живописьпен салыстыруға болады. Ол көзімізге көбінесе бейне бір мольберт алдында байыз таппай, көкейіндегі көріністі әрлей түсуге түрлі-түсті бояу таңдап, күйгелек күй кешіп тұрған сабырсыз суретші секілді көрінеді.

Әсіресе ежелгі эпос пен жыраулық поэзияның тұмадай тұнық көусарынан нәр алып, ұлттық үрдіске қайтадан бетімізді бұрған оның таңғажайып дастандары көркемдігі және көтерген проблемаларының ауқымдылығы, мәңгілігі, көкейкестілігі жағынан әлем ақындарының алтын қорға лайық жыр жинақтарымен шоқтық таластырып, бір сапта тұр деп айта аламыз. Кейде «Құлагермен» үзеңгі қағыстырып, кейде оны шаң қаптырып кететін «Бердәулет пен Жоламан», «Біз Гагарин қаласынанбыз», «Сарыөзен», «Ғайша бибі» тәрізді тотыдай түрленген тұздықты туындылары — бұл сөзіміздің айғағы.

Байбота Серікбайұлы ҚОШЫМ-НОҒАЙ

# ӨЛЕҢДЕР

---

Бірінші бөлім

## БАСТАУ

### СЫР БОЙЫНДА ҚАРАША АУЫЛ

Пойыз жайлап жүрді міне,  
Жасауратып көзімді.  
Қосылмайтын бір-біріне  
Қос реліс созылды.

Тұмарлы жыр тұрды ойымда,  
Тұрды мүлгіп таңғы аспан.  
Қараша ауыл Сыр бойында  
Қала берді қар басқан.

Қараша ауыл, қараша ауыл,  
Бақ-Тәңірім сен едің,  
Махаббаттың жарасы ауыр  
Батқан ұлын мен едім.

Сан үмітін жан анамның  
Саларсың сен ойыма.  
Сағынармын, оралармын  
Сақи дария бойына.

Сан үмітін сол ағамның  
Саларсың сен ойыма.  
Сарғаярмын, оралармын  
Сақи дария бойына.

Арманыма жетуді әсем  
Армандайды мықты ағам.

Мені мақтан етуге сен  
Асықпашы, құтханам.

Әспеттеген әуенім ең,  
Әуелеп бір байқайын.  
Сен хақында әуелі мен,  
Әуелі мен айтайын.

\* \* \*

Есімде бәрі, есімде  
Көлдер де, самал желдер де.  
«Бестөбе» жақтан бесінде  
Келелі түйе келгенде;

Бір көрсем деп ем, бір көрсем,  
Өзгедей арман жоқ менде,  
Бұзылып ағып жүрген сең  
Көпірді жұлып кеткенде.

Желін қап тартқан інгендер  
Ботасын іздеп боздайтын,  
Түтіндік салған түндерде  
Түйекеш бір сыр қозғайтын.

Сары үлек гәптің басы боп,  
Қалғитын жаңа туған ай.  
Кететін көзі шашып от  
Келеге түсер бурадай.

Қамшысын бүктеп қолға ұстап,  
Маған бір қарап, оған бір,  
Шылымын жиі сорғыштап,  
Сөйлейтін сонда ағаң бұл.

Жағымсыз даусы барқырап,  
Тұратын атып далбандай.  
Жараспаушы еді нән тұмақ,  
Ботаға жазы салғандай.

Сары үлек гәптің басы еді,  
Соңы да осы бар уақ.  
Сары үлек — оның әселі,  
Сары үлек — қолдар аруақ.



Құтыртып әзіл-оспақты,  
Салатын күй ғып ысқыра,  
Қайыта барып қоспақты,  
Қайта алмай қалған тұсты да.

Әңгіме дейсің қай тәуір,  
Жетпейді кейде шыдамың.  
...Болуы керек, өйтеуір,  
Айқайлап айтар бір әнің!

\* \* \*

Бұлттарды омырауға алып,  
Найзағай дүркіретеді.  
Шенгелдер қоңырау қағып,  
Жас жауын бүркіп өтеді.

Қолатты керіп кеткенде  
Қош иісі жусанды қырдың,  
Бала гүл өсіп бөктерге,  
Кең төсі бусанды құмның.

Занымен ойшыл даланың  
Жол-жолды жалғастырады.  
Жабуын Ойсыл қараның  
Жазы кеп алмастырады.

Көк шалғын өседі ғажап,  
Әуезге ұйып бар маңай.  
Қыстаудан көшеді қазақ,  
Көш жолы тұйықталмағай.

Дірілдеп таңғы мұнары,  
Әуезге ұйып бар маңай,  
Таулар жаңғырығады:  
«Көш жолы тұйықталмағай...  
Көш жолы тұйықталмағай».

\* \* \*

Құла тай үзіп шылбырын,  
Құдағи сасып жүгірді.  
Құнан боп қапты-ау «құрғырын»,  
Құданың ауылы «бүлінді».

Бүлігін сосын өршітіп,  
Үйірге қарай ұмтылды.  
Керзі еткіпен жер шұқып,  
Ер жетіп қалған ұл тұрды.

Не істермін тарпаң шіркінге,  
Не болса, болды, өтті енді...  
Құдаша қыз кеп, бір түнге  
Әбзелімді алып кеткен-ді.

Мен «жоқ» деп қалай айтармын,  
Мың рет қолқа салсаң да?!  
Ер-тұрманымды қайтардың,  
Еркімді алып қалсаң да.

...Төгіпсің бәрін зердің де,  
Ісмер ме едің мұншалық?!  
Көнтақы ерді көрдің де —  
Көрпеше тіктің түр салып.

Қырғыздан келген қыл шылбыр,  
Сырғызған жабу — ол дайын.  
Жас дәурен, сен де жырсың бір,  
Қай мақамменен толғайын?!

Шағыр бураның шудасын  
Ширатып алып бөстектен,  
Шеребеменен жуғасын,  
Шежімдеп тұсау еспеп пе ең!

Тұманды сайға ап барып,  
Тұсауын құнан жоғалтты.  
Іздеген болдық — таппадық,  
Таппадық жасыл қолатты.

Тұңғиық көзді тұнық қыз  
Отыр ғой міне, өмір-ау,

Тұсауды іздеп жүріп біз,  
«Тұсалып» қалған едік-ау.

\* \* \*

Көктемде Сырдың жағасы  
Есіме салар терме көп:  
Көкмойнақ аттың баласы  
Көсіле шабар бел керек.

Көреген шалдар отырып,  
Көкпардың жайын кеңесер.  
Көбеген қозы отығып,  
Құбыла беттен жел есер.

«Жылына кеткен» сәскеде  
Жылқышы кештеу оралып,  
Қызулы шаққа мас неме  
Тағы бір отқа оранып;

«Су ала кеткен» сәскеде  
Сұлу қыз кештеу оралып,  
Өртеніп тұрған жас дене  
Тағы бір отқа оранып;

Қарбыта шалар қаймалша  
Қарақыр бойы сораң-ды.  
Су басып қалған сайларша,  
Сол күндер қайда жоғалды?

Көгінді бұлттар тазалар,  
Көктем-ән неге қысқалау?  
Бола алмай кеткен «бажалар»,  
Қона алмай кеткен құстар-ау...

...Жарықтық көңілді бүтіндеп,  
Сабама түсіп тағы да,  
Саябыр табам шүкір деп  
Сағынарымның барына.

Ақ бұлақ ақпаушы еді тулап алмай,  
Ақ маңдай жатпаушы еді суға бармай.  
Күркіреп бұлттар желер әрді-берлі  
Жараған жазғытұрым буралардай.

Көзінен сығалап-ақ керегенің,  
Мен мына күллі әлемді көрер едім.  
Қозының бүйіріндей тойып емген  
Томпиып жатушы еді төбелерім.

Құяңға шамасы жоқ бұлаудайын  
Дертіме сеп болмады мынау қайың.  
Інгеннің сан шудасы секілденіп,  
Ұйысқан шалғыныма бір аунайын.

Шық болып сол шалғынға тұнған шағым,  
Жұтумен қап қойыпсың жылдар шаңын.  
Белге орап ком арқандай қысқа жолды,  
Бесінде мызғып кеткен қырды аңсадым.

Бір күлсе басыр аспан жылап тұрып,  
Жайылар көк жүзінде бір ақ түбіт...  
Жатар ма ем, құрайлардың ызыңы емес,  
Құрақтың сыбдырына құлақ түріп.

### «ҚАШТЫ — ҚУДЫ»

Аты еді бұл айтыстың «Қашты — қуды»,  
Жұрт кеу-кеу. Жігіт дайын. Бәс тігулі.  
Толқыннан суырылған ақ сазандай  
Қарсы жақ алып шықсын жас сұлуды.

**Мен:**

«Ақ тегене дегенде, ақ тегене,  
Үлкен де емес, кіші емес, шақ тегене.  
Жауабыңды жүзбе-жүз айта алмасаң,  
Жібермей жүрсің жазып хатқа неге?».

**Қыз:**

«Ақ тегене, ендеше, ақ тегене,  
Үлкен де емес, кіші емес, шақ тегене.

Ойлағаның мүлтіксіз болар еді-ау,  
Шығып қапты-ау сақалың, өттегене-и-и-и».

Сөз тауып айта алмадым өзге мүлдем,  
Көздерін кетті ол алып көздерімнен.  
Бір сипап құрып қалғыр иегімді,  
Тапсырдым домбырамды өз колыммен.

Сол ару әуес екен сырға тіпті,  
Сан тойда шанағымды жылатыпты.  
...Домбырам бақытты ғой менен гөрі,  
Жо-жо-жоқ, мен өзіммін шын бақытты.

### ҚЫСТАУДА

Көбелек қар,  
Сенің күнің туды енді, себелеп қал.  
Орағытам алды-артын Құбақанмен,  
Қыстау жақта шұбырып келеді аттар.

Қарауытқан жалпақ дөң алыс мүлде,  
Сары желіске ауысып шабыс бірде,  
Шалыс ұйқас тәрізді шатыр іздер  
Қалып жатыр жосылып қар үстінде.

Аттан түсе айырды қолыма алам,  
Ұйпалапты-ау түндегі долы боран,  
Үрпиеді қыз емшек шөмелелер  
Шаштары қобыраған.

Қария жолға қарайды қырға барып,  
Қора ішінде арық тай тұр қамалып.  
Лақтырамын төменге тау-тау шөпті,  
Айырымды батыра ырғап алып.

Сұр аспанда ерекше сұс бар бүгін,  
Қыс өзінің тізгінін ұстар мығым.  
...Мандайымның терімен өлшенеді  
Менің мына өмірге құштарлығым.

## МУЗЕЙДЕ

Кідіре түр кішкене, бұраң белім,  
Сауалым бар өзіңнен сұрар менің.  
Қайда апарып қойдыңдар біздің шалдың  
Құр ат беріп жасатқан құранды ерін?

Баяндайын өзіңе, қалқам, бәрін,  
Дұрыс болмас жабыдай жалтарғаным.  
Ерге қонған екен ол он сегізде,  
Жиырмада мен айыл тарта алмадым.

...Тебінгісін ақ көбік терге көміп,  
Жүргенімде жастықпен делбе болып,  
Ана жылы ауылдан ап кетіп ед,  
Алматыға мен емес, сол керігіп.

Қара үлектің көнімен қалдектенген,  
Шеберлік-ай осынша сән бөктерген,  
Ақ жабудың үстінен мойнын созды —  
Таныды ғой иесін арнап келген.

Қағбам осы болып тұр қазір қарар,  
Қазір қарап, елімнің сазын табар.  
Біздің ауыл таңбасы — бұл үш әліп,  
Өшірме оны — әруақтар назырқанар.

Нақышы бұл киелі паң даланың,  
Бояуы да осында бар, қарағым.  
Сары шалдың өзі емес, көзі қапты,  
Сөзі қалса жарар ед сары баланың...

## ХАТ

Апа, аманмын,  
Бәрі де өзін көргендей.  
Қызбалау, тентек балаңның  
Ойланар шағы келгендей.

Серпемін көңіл әнімен,  
Көгімді бұлт торласа.  
Айықтым дерттің бөрінен,  
Сағыныш дерті болмаса.

Тірлікте мынау тіл безеп,  
Қызығын айттым мәз күннің.  
Түсіме кіріп бір мезет,  
Түн бойы өлең жаздырдың.

Күңгірттеу тартып нұр өңің,  
Жүдеулеу ойлы пішінде,  
Жүрдің сен, менің жүрегім,  
Тандағы нұрдың ішінде.

Басылмай қалды-ау құштарым,  
Көремін бе енді, Хауа ана?  
Шық тұнған гүлді нұсқадың,  
Не дегің келді, Хауа ана?

Қызғалдақ гүлің мен едім,  
Жайнайын биік қырларда,  
Таңғы шық — мөлдір өлеңім  
Төгіліп кетпей тұрғанда.

Шық тұнған гүлді нұсқадың:  
«Жан балам, мынау өмірде  
Өзіңнен биік ұстарың  
Мөлдірлік болсын» дедің бе?



\* \* \*

Мен оралдым, айтам енді  
Анашымның қартайғанын...  
Желдеп кетіп, қайта келді  
Жез бұйдалы нар тайлағың.

Асыл таңның алдым зерін,  
Шайдым нұрмен көңілімді.  
Тас боп қатқан тандыр желін  
Тақырлардың өңі кірді.

Бүлдіргенді дала қандай,  
Бүрін жарды бақ ғажайып.  
Қатарланған қара нардай  
Қарияларым қапты азайып.

Қара төбе жазығында  
Қаңбақты жел айдады әрі...  
Қара нардың қазығында  
Қара бота айналады.

### ҚОЛ ШЕБЕР

Үй алдында отырған елік құрбым,  
Немкеттілеу қараспен нені ұқтырдың?  
Қол шебердің соңы еді Қолдасбай шал,  
Қолын алып кетсем деп келіп тұрмын.

Қашқан андай тоғайға тығылғалы,  
Елік құрбым соңына бұрылмады.  
Қария да жоқ қарсы үйде отыратын  
Қара бүркіт секілді тұғырдағы.

Көктеп болып қайыспен керегені,  
Көк алақан дыр қамшы өрер еді.  
Күміс жүген, айшықты ер, зерлі жабу —  
Мұрапаға ап қалған ел өнері.

Мұрапаға ап қалған ел өнері,  
Ел өнері! Ол неге көнереді!!!  
Келер еді сүйекті нән домбыра  
Жас отауды жақсы әнге бөлегелі.

Қашқан андай қорқаудан тығылғалы,  
Елік құрбым соңына бұрылмады.  
Қария да жоқ қарсы үйде отыратын  
Қара бүркіт секілді тұғырдағы.

Сезімді арбап таң болып ата білген  
Сездім демен күннің де батырын мен.  
Сәби көрдім сол үйден бас жағына  
Домбыра мен дойырды қатар ілген.

\* \* \*

Үзеңгіні іліп үйрек бас ердің қасына,  
Аттарды сайға қалмақша байлап асыға,  
Ентігіп демім, серпіліп керім тұрар ем,  
Енгенде саусақ еркетайымның шашына.

Сол қолат мынау жиденің иісі жай гүлдер,  
Салмақты бүгін сабаға түскен айдын көл.  
Сазайын берген «ұрыны» меңдей ұстап ап,  
Сақи қол әже, бала-шағаңның қайырын көр!

Шалының атын көтере айтып өктемді,  
Қараша ауылдың қара кемпірі кеткен-ді.  
Құрбысыменен тіл табу деген оңай-ау,  
Құдауанада, құдамдал-жегжат боп келді.

Шырын қыз, міне, шылбырымды алса дірілдеп,  
Әкесі тұрды: «Қырықтың бірі қыдыр», — деп.  
Күнекей ауыл ұйқы да түйқы боп жатыр,  
Күйеу баласы ұрын кеп.

Құныға жұтар құнан-қымызға құмартып,  
Отауға ендім. Жусанның иісі түр аңқып.  
Ұрлана келіп, «Ұры» сайменен жүргенше,  
Ұрандап келіп, дөңменен жүрген мың артық!

## ОРТАҚ ЕМЕС БІР КЕРМЕ

Күлдіреуіш секілді,  
Күдірейген белі бар.  
Күлтеленген кекілді,  
Аяғының желі бар.

Еншің еді әкеден  
Үйір жылқы айдаған.  
Сулығына дәкемен  
Тау андызын байлаған.

Төрт аяғы тең жорға,  
Шайқап берсе ақырын,  
Ілесетін ел зорға  
Шабысымен атының.

Малдан зият жануар,  
Зылт арғымақ болатын.  
Қажытты ғой жабылар,  
Қайда, бауырым, сол атың?

Күміс жалын құшайын,  
Күйкі мұңнан арыла,  
Зымырандай ұшайын  
Зауал ауа тағы да.

Бедеу құмдар безеріп,  
Жата берсін жолымда.  
Шаршатты ғой сөз еріп,  
Шаң қалсыншы соңымда.

...Берді ол бүгін берерін,  
Қаңтарып қой, тынықсын.  
Менің мұңым — өлеңім,  
Оның мұңын кім ұқсын?

Ортақ емес бір керме,  
Қоспа кілең шобырға.  
...Бөлек шаба білгенге  
Бөлек болсын орын да.

## БЕСІКМОЛА

Шөгергендей қаз-қатар жүз ботаны  
Өркеш-өркеш құмды айтам сізге тағы.  
Барханның бетіндегі саржарадай  
Жалғыз мола жанымды сыздатады.

...Қоймапты онда қылышты, жебені де,  
(Балдырғанға жебенің керегі не?)  
Тал бесікті арқаға таңып алып,  
Талай жылды атқарған төбе міне!

Сәби ғой бұл, гүлін ап көсіктердің,  
Екі арасын жол қылар есік-төрдің.  
Тозған телпек секілді дөңгеленген  
Боз төбені жастанған бесік көрдім.

Қансыраған қаншырдай жаралы күн,  
Иіскей алмай кеткенде бала гүлін,  
Қаралы құм тербетіп ап қалғандай  
Тал бесікке сыйдырып нала-мұңын.

\* \* \*

Ағады өзен арнадан толып, асып,  
Созылады жолға кеп жол ұласып.  
Жағалауда ойнайды кекілді ұл,  
Құла тайдың мойнына қолын асып.

Бәлкім, тай кеп досына мұңын шақты,  
Мұңын шаққан хайуанды ұғынсақ-ты.  
Мықыр жігіт балаға зекіп жатыр:  
«Ұрыншақтың табуын ұрыншақты!»

Бала болса, басына бақ қонбай ма,  
Құлын өсіп, шашалы ат болмай ма?  
...Құла тайды баптаған інішегім,  
Бағыңа қарай, Күреңбай тап болғай да!

## СУРЕТ

Аққулар барады ұшып,  
Жанарынан гүлдердің тамады шық.  
Тұмса бұлттар тұрлаусыз сенделеді,  
Тұла бойым өрт болып жанады ысып.

Жылдар бойы сан іздеп таба алмаған  
Жыр дәптерін оқытты далам маған.  
Қанатында екен ол аққулардың,  
Қауырсын боп неге мен жаралмағам?

Тәтті түстер секілді таңда көрер,  
Тәнті қылып өзіне арман-өнер,  
Суылдап кеп дарияны құшты міне,  
Су атасы Сүлеймен, жар бола гөр!

### ҚАРАТАУ. ҚАҚАЙ БҰЛАҒЫ

Көзіңді жаншып басты да,  
Көрсетпей келді көп жылдар бойы тас мына.  
Ашылмай жатқан қайнар бар шығар, адамдар,  
Қараңдар байқап аяқтарыңның астына.

Қанықпын бастан, мөлдірлік, сендей ұғымға,  
Барсың сен менің қыздарға жазған жырымда.  
Ойланып тұрмын, осы бір күміс күлкіні  
Естігендеймін бұрын да.

Осы бір күлкі, оңаша жайлау, лағыл-үн,  
Тауысып еді-ау тау жүрегімнің сабырын.  
Мәңгі үнсіздік пен мәңгілік тынымсыздықты  
Бір жерге қалай сыйдырды екен Тәңірім?!

Бейкүнә бұлақ лағы сынды еліктің,  
Қарайды саған қарау пиғылмен келіп кім?  
Түнеріп қалған бүркіт тұмсықты нән тасты  
Пәктікке басын иіп тұр екен деп ұқтым.

Тыңдадым сенен, тыңдадым  
Сырбаз шыңдардың сырлы әнін.  
Жатырсың ба айтып жоқ әлде  
Биіктен төмен құлағандардың мұңдарын...

Шыңдарым,  
Уа, өрлерім,  
Шежіре көне тарихқа куәгерлерім!  
Қыраннан қанат сұраман жылушы болып,  
Биіктік осы менің де туа көргенім.

Ақша бұлт орамалың ба,  
Сол ақша бұлтпен қоныстас бола аламын ба?  
Eh-eh-ей! Тасқа соғылып жаңғырықты үнім,  
Құр арналарды қуалап толар ағынға.

Жуынарсындар жауынның тазасыменен,  
Биіктік жырын осылай жазасың ерен.  
Шынымды айтсам, ғашықпын өздерің түгіл,  
Сендерге түскен найзағай қазасына мен.

Оралмайды екен бұлттарың шөлдерге көшкен,  
Кетпейді бірақ нәсер боп өлгендер естен.  
...Келешегімнің тершіген кең жауырынын  
Өптірсем деймін самалға сендерден ескен.

### ҚЫСҚЫ ТАҢ

Өршелене ұйытқыған өтті бүлік,  
Жатыр дала манаурап, көк тынығып.  
Ай нұрына шомылған қарашаш түн  
Тас үңгірдің қойнына кетті кіріп.

Адымдаймын дем ысып, денем жылып,  
Басын ала қашады өлең-күлік.  
Күнге қарай созылған күдер жолда  
Кең дүниеге тамсанып келем жүріп.

Сіресе де сіреу қар күтірлеп бір,  
Тұл боранға не үшін түтілмек бұл?  
Тебінгідей аспанда тегене-күн  
Аппақ нұрға, дариға-ай, шүпілдеп тұр.

...Түнек түнмен қоштасып жыры біткен,  
Құба таңнан көз алмай құнығып мен,  
Күнге төсеп келемін маңдайымды,  
«Ұласса деп жылылық ұлылықпен».

## ӘКЕ ҚАБІРІ БАСЫНДА

Тентегіңнің бастан-ақ жолы ауыр ма,  
Кетті күндер күйбеңнің бодауында.  
Сенің молаң жатты үнсіз қыр басында,  
Менің тойым жатты өтіп сол ауылда.

Жамап-жасқап үйімнің шаңырағын,  
Қосын ұстап қалғам жоқ шаруаның.  
Басқа жұртта думанмен күн өткізсем,  
Түсіме еніп жүресің, аруағым.

Тағалы аттай таймаған қатқақта да,  
Өз ауылымды шырқаймын жат бақта да.  
Ақ сақалың салалап сен тұрмайсың,  
Қарсы алады баурайда аппақ мола.

Келіп тұрмын басыңа тағы міне,  
Қос түп жусан өсіпті қабіріңе.  
Көзім алды көп елес бұлдыраған...  
Бұлдыраған — даланың сағымы не?

Қос түп жусан... қалыпты солып бірі,  
Көңіл құрғыр босайды көріп мұны.  
Екіншісі қарайды бөрімізге,  
Таңның мөлдір шығына толып бүрі.

Солды деуге құқым да, қақым да бар,  
(Солғандар ма — жоқ гүлдің сапында олар).  
...Екіншісі жайлы мен не айтайын,  
Өзгелердің айтқаны мақұл болар.

\* \* \*

Паң Алатау,  
Паң Алатау тұлғасы ғаламат-ау.

Сырласқысы келмейді-ау, сірә, тұрып,  
Сәйкі бұлақ күледі бұратылып.  
Құс жолы анау құдаша есіп берген  
Ақ шылбырдай созылған шұбатылып.

Сәл түнеріп, қайтадан ашылды көк,  
Жамылды күз жеп-жеңіл асыл жібек.



Құлақ түріп барады Алатауға  
Қырандардың даусына ғашық жүрек.

...Ұлағатты сөздерді ұғамыз да,  
Қол береміз иіліп жыр-абызға.  
Неке үйіне қараймыз көз астымен,  
Бұла қызға телміріп тұрамыз да...

## СЫР

Шаруаның көбі бітпеді,  
Ойға алған арман-мақсат көп.  
Үдіре көшкен үттегі  
Үргедек бұлтқа «сап, сап» деп;

Үздігіп талай жалындым,  
Үзгенде моншақ нұр-түндер.  
Үрзада жырын жанымның  
Тындаса ден ем шіркіндер.

Қалды үнсіз бөгіп сағымға,  
Барып ем тауға шоң мүсін,  
Теберік берер шағында,  
Теперіш көрген сорлы шың.

Өзенге келдім әйгілі  
Өзінше шулап тасыған.  
Қарабайға ұқсап қайрымы  
Аспады қара басынан.

Егеулі кездік — сырлы арман  
Елеусіз неге ескірсін,  
Дауылға толы жылдардан  
Даусымды менің естірсің.

Тас-қайғың болса, уатып,  
Тас-талқан етіп жіберем.  
...Қалай да саған, Уақыт,  
Оқуым керек бір өлең!!!

Сен мені тәрбиеле,  
Сыйынбай-ақ әулие, әмбиеге,  
Осы ауылда ес біліп, етек жидым,  
Ғашық болып жұртымның ән-күйіне,  
Тәртібіне көндір де, тәрбиеле.

Сезімімді төгейін сел ғып бөлек,  
Тізгінімді тарта ұста, кергітпе көп.  
Көкмойнақ жыр — ұмтылған көкжиегім,  
Көкмойнаққа қора емес, кеңдік керек.

Жалына оның жабыс та бара салып,  
Күшің жетсе, бас білдір қалаша ғып.  
Тақияда тамтығым қалмаса да,  
Тойдан тобық сұраман аласарып.

Қараша ауыл — өз анам, асқақ әнім,  
Өз анамнан басқа әнді бастамадым.  
Қас-қабағын бағайын, көндір мені,  
Дұрыс десең анамды тастағаным.

Гүлдің таңғы мәуретте төгер шығы —  
Өзіңе арнап мен жазған өлең сыры.  
«Махаббатым» деп саған хат жолдасам,  
Оны ап ұшқан осы ауыл көгершіні.

Арзу-тілек тілеген жол шегерде,  
Ақ махаббат жалын ғой, ол сөнер ме?  
Көндір мені, ақынның махаббаты  
Қиянатқа бастайтын болса егер де.